

## Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында төтенше жағдайдың қолданысын ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 4 қаңтардағы № 215 Жарлығы  
Қазақстан Республикасы Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
және республикалық баспасөзде  
жариялануға тиіс

«Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 3-  
тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында төтенше жағдайды енгізу туралы»  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 17 желтоқсандағы № 197  
Жарлығымен енгізілген Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының шекараларында  
төтенше жағдайдың қолданысы 2012 жылғы 31 қаңтардағы 7 сағат 00 минутқа дейін  
ұзартылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп,  
осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті* *Н. Назарбаев*